

**2023-2024 оку жылындағы балалар мен жасөспірімдер
арасындағы өзін-өзі қол жұмсаудың алдын алу бағытындағы
атқарылған жұмыстардың жылдық есебі**

Қаңтар айында мектеп мұғалімдері мен сыйнып жетекшілерімен “Күйзелістің алдын алу жолдары” атты әңгіме жүргізілді. Оқушылардың күйзеліске түсудің алдын алуда жеткіншектердің психологиялық ерекшіліктеріне мән беруді, олардың жан дүниесін түсінуге, өмірге деген жағымды көзқарасын қалыптастыру жайында кең көлемде мағлұматтар айтылып, мұғалімдер өз пікірлерін ортага салды.

Осы айда ата-аналармен “Бала психологиясының дамуына отбасының әсері” тақырыбында баяндама оқылды. Онда қазіргі отбасыларынан психологиялық жылыштықты емес, атмосфералық жылыштықты та таппайтының отбасылырының бар екенін, отбасындағы кикілжіңің әсерінен баланың агрессивті мінез-құлық танытатының айтып өтілді. Отбасының негізі балаға деген маххабатта жатқаныны кең көлемде айтылды. Ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып, қажетті жауаптармен қанағаттанырылды.

Ақпан айында 5-6 сыйнып оқушыларымен «Өмір, сен неткен ғажап едің!» тақырыбында оқушылардың өмір құндылығы туралы түсініктерін кеңейту мақсатында психопрофилактикалық сабак өткізілді. «Екі бақа», «Данышпан мен жігіт», «Бәрің сенің қолында» аңыздары айтылып, талданды. Оқушылардан сауалнама алынды. Шығармашылық жұмыс жүргізілді. Өмірге деген жағымды көзқарас қалыптастыру барысында көптеген мағлұматтар мен кеңестер берілді.

Наурыз айында 7-9 сыйнып оқушыларымен «Өмір, қымбатсың маған» тақырыбында тренинг жүргізілді. Оқушылардың өмір туралы көзқарасын диагностикалау, өмірдегі киындықтарға тәзе білуге үйрету, психологиялық қолдау көрсету барысында жаттығулар жүргізіліп, оқушылар алған әсерімен және ойларымен бөлісті. Сонынан өмірдің құндылығы мен маңыздылығы түсіндірілді.

Сәуір айында мектеп мұғалімдері мен сыйнып жетекшілеріне «Жасөспірімдердің мінезіндегі карама-қайшылықтардың болдырмаудың алдын алудың психологиялық негізі» тақырыбында әңгіме жүргізілді. Оқушының өзара және мұғаліммен карым-қатынасындағы жағымсыз жағдай, түсінбеушілік жайында мектеп психологы қазіргі қоғамдағы орын алып жатқан жағдайлар туралы және оның алдын алу шаралары жайында кеңінен айтып өтті. Мұғалімдер мен сыйнып жетекшілері де өз ойларымен бөлісті.

Осы айда «Балаңыз бос уақытында немен айналысады?» тақырыбында ата-аналармен пікірталас өткізілді. Ата-аналар бос уақыттарында балаларының немен айналысатынын, қандай тиімді шаралар қолданатынын айтып өтті. Өз ойларын ортаға салып, бір-бірімен пікір алмасты. Сонынан ата-аналарға кеңестер берілді.

5-9 сынып окушыларымен «Өзінді сую-өмірді сую» атты коррекциялық сабак өткізілді. Окушылардың өзін-өзі тануға, өз қадірін өзі білуге, өмір сұруға күлшынысын арттыру бағытында әртүрлі жаттығулар жүргізілді. «Өзінді сую» кенестері берілді. Сабак соңында окушылардың көніл-күйін үнемі көтерінкі ұстauғa дағдыландыру бағытында кенестер берілді.

Жазғы демалыс айларында сынып окушыларына өздерін сақтандыру шаралары бойынша жұмыс жүргізілді. Окушыларға зиянды заттардың адам өміріне қауіп төндіретіне накты мысалдар мен деректер келтіру арқылы және денсаулық және оны сақтау, жаман әдеттерден бойын аулак ұстauғa, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қалыптастыру бағытында алдын алу шаралары жүргізілді.

Қыркүйек айында «Біз баламызды қалай сақтандырамыз...?» тақырыбында жалпы мектепшілік жиналыс өткізілді. Мектеп директоры жиналыс барысы мен өткізілетін шаралар туралы кең көлемде айтып өтсе, тарих пәнінің мұғалімі Аманжол А. баланы қорғау және сақтандыру ҚР заңнамаларының негізгілеріне кеңінен тоқталып өтті. Мектеп психологы баланың теріс мінез-құлық көрсетуі себебін ата-ана өз тарапынан қарастыруды және оның алдын-алуға қандай іс-әрекеттер қарастыру қажеттілігі жайында кең көлемде мағлұматтар берілді. Соңынан тәрбие ісінің орынбасары Алиманова К. ата-ана балаға жауаппен қарауға, баланы сақтандыру жолдарын қарастырып отыру қажеттілігі жайында айтып жиналысты қорытындылады.

Қазан айында «Аутодеструктивті және бейәлеуметтік жүріс-тұрыстың алдын алу» бағдарламасы бойынша мектеп вахтерларына дәрістер жүргізілді. 8- сынып окушыларының ата-аналармен бағдарлама бойынша жиналыс өткізілді. 8- сынып окушыларымен «Көніл-күйінді қуана біл» тақырыбында үш сағаттық дәріс өткізілді. Дәрістен кейін окушылар дәріс бойынша алған білімдерімен бөлісіп, сұрақтар бойынша қажетті ақпараттар берілді.

Қараша айында мектеп мұғалімдерімен “Мұғалім келбеті туралы бірер сөз” атты мұғалімдермен пікір алмасу арқылы кенестер жүргізілді. Мұғалімдердің өзін-өзі ұстай білуі, сабак бойы сыныпта қанша шәкірт отыrsa, соның барлығының жүргегіне жол табу жағдайында пікір алмасты. Окушының психологиясына әділ баға қоюдың ерекше әсері жайлы айттылды. Жауапкершілік жайында да кең көлемде айтылып өтілді. Ұстаздар қауымы өз ойларымен бөлісті.

Желтоқсан айында жоғары сынып окушыларымен «Жанжалдың алдын-алуға психологиялық дайындық» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Онда жанжалдың сипаттамасын түсіндіру арқылы басқа адамның ұстанымын түсінуге, көмектесу ережелерін сипаттау арқылы бірнеше тапсырмалар орынданылды. Соңынан окушылар алған әсерлерімен бөлісті.

Психолог:Омаркулов Б.